

Ақтөбе облысы
Байғанин ауданы
Кемерши ауылы
«Қ.Жазықов атындағы
орта мектебі» КММ



Актюбинская область
Байганинский район
село Кемерши
КГУ «Средняя школа
им.К.Жазыкова»

Бұйрық

Приказ

030306, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Кемерши ауылы, Орталық көшесі №35 Б
тел: 87134535622 e-mail: k.zhazykov@mail.ru

№19

«18» мамыр 2021 жыл
Қамқоршылық кеңес құру туралы

Кемерши ауылы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 44 бабының 9-тармағы және «Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы» 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде Аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы 04 мамырдағы №66 санды бұйрығын негізге ала отырып **Бұйырамын:**

1. Қ.Жазықов атындағы орта мектебінде қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес «Қамқоршылық кеңес» құрамы құрылсын.

«Қамқоршылық кеңесі» құрамы төмендегі ретте бекітілсін:

1. Мырзалина Гүлнара Болатқызы – комиссия төрайымы
2. Жұбаналина Нұрбибі Айбазарқызы – комиссия мүшесі
3. Өтешова Жұлдыз Дүйсенбіқызы – комиссия мүшесі
4. Дүсипова Гүлбарам Сағызбайқызы – комиссия мүшесі
5. Асанова Гүлшат Асанқызы – комиссия мүшесі
6. Нұрмағанбетов Изат Нұрбергенұлы – комиссия мүшесі
7. Тәжіғалиев Нұрбол Уәлиұлы – комиссия мүшесі
8. Тубекова Шынарғүл Нұрлыбаевна – комиссия мүшесі
9. Тлеумағанбетова Зияда Петровна – комиссия мүшесі

Барлығы: 9(тоғыз) адам

2. Қамқоршылық кеңестің хатшысы болып Қайсарова Венера Тұрарқызы міндеттелсін.

3. Қамқоршылық кеңеске жауапты болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бердешова Ұлболсын Саменқызы бекітілсін.

Мектеп директоры  Ф.К.Казиева



Ақтөбе облысы
Байғанин ауданы
Кемерши ауылы
"Қ. Жазықов атындағы
орта мектебі" КММ



Актюбинская область
Байганинский район
село Кемерши
КГУ «Средняя школа
им. К. Жазыкова»

Бұйрық

Приказ

030306, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Кемерши ауылы, Орталық көшесі №35 Б
тел: 87134535622

Қ.Жазықов атындағы орта мектеп бойынша

Кемерши ауылы

18 мамыр 2021 жыл

Қамқоршылық кеңесінің хатшысын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 44 бабының 9-тармағы және «Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде Аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы 04 мамырдағы №66 санды бұйрығын негізге ала отырып БҰЙЫРАМЫН:

2021 жыл 18 мамырдан бастап Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып Қайсарова Венера Тұрарқызы бекітілсін.

Осы бұйрықты басшылыққа ала отырып жұмыс атқаруды тәрбие ісінің меңгерушісі Ұ.Бердешоваға міндеттелінсін.

Мектеп директоры:



Ф.Казиева

Бекітемін:

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Г.Б.Мырзалина

2021 оқу жылындағы "Қ.Жазықов атындағы орта мектебі" КММ-нің
Қамқоршылық кеңесі отырысының жоспары

№	Отырыс мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауапты	Аяқталу формасы
1	Қамқоршылық кеңесінің I отырысы 1.Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 2.Оқушылардың арасында салауатты өмір салты және құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу. 2. «Балалық шақ әлемі Конвенсиясы» талқылау	наурыз	Мектеп директоры дтіжо Кеңес төрағасы Кеңес мүшелері	хабарлама, шешім, хаттама
2	Қамқоршылық кеңесінің II отырысы 1.Жазғы сауықтыру лагеріне оқушыларды тарту. 2. Құқық бұзушылықтың алдын алу, жазғы каникул уақытындағы оқушылардың қауіпсіздігі. 3.Жазғы мектеп жұмысын ұйымдастыру	мамыр	Мектеп директоры дтіжо Кеңес төрағасы Кеңес мүшелері	хабарлама, шешім, хаттама
3	Қамқоршылық кеңесінің III отырысы 1.Білім алушылардың ішкі тәртіп ережесінің сақталуы. 2.Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы 3.Білім беру ұйымы басшысының есебі	қыркүйек	Мектеп директоры дтіжо Кеңес төрағасы Кеңес мүшелері	хабарлам, шешім, хаттама
4	Қамқоршылық кеңесінің IV отырысы 1.Оқушыларға берілетін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы. 2.Білім беру ұйымында оқушылардың оқулықпен қамтылуына бақылау жүргізу.	желтоқсан	Мектеп директоры дтіжо Кеңес төрағасы Кеңес мүшелері	хабарлама, шешім, хаттама

МДТІЖО:

І.С.Бердешова

Хаттама №1

"Қ.Жазықов атындағы орта мектебі" КММ-де наурыздың 15-і күні сағат 15⁰⁰-де қамқоршылық кеңес жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиіс - 9

Қатысқаны - 9

Қатыспағаны - 0

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың арасында салауатты өмір салты және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу.
2. "Балалық шақ әлемі - Конвенциясымен" тақырыбында мектеп психологі Көптілеуова Үзілханның хабарламасы.

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбие ісінің орынбасары - Бердешова Ұлбосын Саменқызының баяндамасы тыңдалды.

Қазіргі таңда кәмілетке толмағандар арасында тәлім-тәрбиеге және салауатты өмір сүруді қалыптастыру, олардың тарапынан жасалған құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарына жете көңіл бөлінуде. Соған орай "Қ.Жазықов атындағы орта мектебі" КММ-нің оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты, сонымен қатар салауатты өмір салтын қалыптастыруға байланысты жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру, спортқа деген қызығушылығын арттыру, салауаттану - адам жанының да тәнінің де тазаруы, денсаулығының нығайуы, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу, оның рухани әлемін байыту, сабаққа ынта-жігерін арттыру, жеке дағдылығын дамыту – бүгінгі таңдағы негізгі мәселелердің бірі. Өмірде дұрыс жол табу үшін дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге тәрбиелеу керек. Жас жеткіншектерді өмір талабына сай етіп даярлауға мектептің алатын орны өте зор. Сол себепті оқушылар тарапынан құқық бұзушылықтың, нашакорлықтың және есірткіге қарсы күрес, зиянды заттардың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін мектебімізде түрлі тәрбиелік шаралар жоспарланып орындалды. Сонымен қатар мектеп оқушыларының сабақтан дәлелсіз қалмауына баса назар аударылып, бақылау жүргізіліп отырылады. Қандайда бір себептермен болмаса денсаулығына қатысты сұранған жағдайда ата-анасының қолхатымен ғана сабақтан босатылады. Белгіленген кезекшілік графигі бойынша мұғалімдер оқушылардың түнгі беймезгіл жүрістерін болдырмау мақсатында рейдке шығып отырады. Сонымен қатар Қызылбұлақ ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы, полиция аға сержанты Ғ.К.Загран және КТІЖ МИ полиция капитаны Р.Р.Ерғалиев 1-11 класс оқушылармен әр класта бөлек-бөлек кездесу жиналысын жасады. Жиналыстың негізгі мақсаты: пандемия кезіндегі қауіпсіздік шараларын ескерту, құқықбұзушылықтың алдын алу. Нашакорлық туралы, таксафон, анаша, мак, көкнар, синтетикалық наркотик және т.б. есірткі заттарды пайдаланбау" атап айтқанда, түнгі мезгілде заңды өкілінсіз жүрмеу, себепсіз сабақтан қалмау, бөтеннің мүлкін ұрламау, ұялы телефоннан керек емес сайттарға кірмеу, сонымен қатар діни ағымдағы сайттарға кірмеу сияқты құқықбұзушылықтар туралы түсініктер берілді, сонымен қатар нашакорлықтан, синтетикалық наркотиктерден аулақ болу туралы кеңірек айтылып, түрлі ситуациялар арқылы түсіндіріп, видеороликтер арқылы көрсетті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша психолог - Көптілеуова Үзілхан Болатқызының хабарламасы тыңдалды.

9-11 класс оқушылары арасында психологиялық сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың өз құқықтары туралы, бала құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелері туралы сауаттылық деңгейі жоғары екені байқалды. Сонымен қатар 1-11 класс оқушыларынан "Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу" бойынша мектеп оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың зиянды әдеттерден аулақ екендігін және де жоғары сынып немесе үлкен балалардың тарапынан бопсалаушылық, ақша жинау деректері анықталмады.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөйлеушілер:

Жұбаналина Нұрбибі - қамқоршылық кеңес мүшесі.

Бүгінде оқушылармен жүргізілетін құқықтық тәрбиенің мазмұнын айқындауда "Қандайда бір құқықтық тәрбие болғасын, егер ол белгілі мақсатпен ұйымдастырылып, жеке адамның мұқтажына негізделсе, екіншіден ұжымдық жұмыстарға оқушылар жұмыла қатысса, соғұрлым алдыңғы буын ағалардың әлеуметтік құқықтық жетістіктерін, тәжірибелерін қабылдап өз мінез-құлықтарын қалыптастырады" - деп осы мәселеге қатысты айтқан мәселелерді басшылыққа алудың маңызы ерекше деп ойлаймын.

Дусипова Гулбарам - қамқоршылық кеңес мүшесі.










Мектебімізде құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша көптеген шаралар өткізіліп отырады. Оқушылардан, ата-аналардан сауалнамалар алынып отырады.

Қамқоршылық кеңесінде айтылған ұсыныс-пікірлерді тыңдай келе қаулы етеді.

1. "Оқушылардың арасында салауатты өмір салты және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу" тақырыбындағы тәрбие ісінің орынбасары - Бердешова Ұлбосын Саменқызының баяндамасы еске алынсын.
2. Мектеп психологы - "Балалық шақ әлемі - Конвенциясымен" тақырыбындағы Көптілеуова Үзілханның хабарламасы еске алынсын.

Кеңес төрайымы:

Кеңес мүшелері:

 Г.Б.Мырзалина
 Н.А.Жұбаналина
 Ж.Д.Өтешова
 Г.С.Дүсипова
 Г.А.Асанова
 И.Н.Нұрмағанбетов
 Н.У.Тәжіғалиев
 Ш.Н.Тубекова
 З.П.Тлеумағанбетова

Хаттама №2

"Қ.Жазықов атындағы орта мектебі" КММ-де мамырдың 17-і күні сағат 15⁰⁰-де қамқоршылық кеңес жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиіс - 9

Қатысқаны - 9

Қатыспағаны - 0

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылындағы мектеп қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындысы.
2. Жазғы сауықтыру лагеріне оқушыларды тарту.
3. Құқық бұзушылықтың алдын алу, жазғы каникул уақытындағы оқушылардың қауіпсіздігі.
4. Жазғы мектепті ұйымдастыру жұмыстары.

Тыңдалды.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Мырзалина Гүлнара Болатовна кеңестің жыл бойы атқарған жұмысына қысқаша тоқталып өтті. Кеңес мүшелері жоспар бойынша көрсетілген жұмыстарды атқарып келеді. Атап айтсақ, қыркүйек айында материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау жұмысына қатысып, аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың құжаттарын жинақтауға көмектесіп, жыл бойы қатты мұқтаж оқушыларға көмек көрсетті.

2. Жазғы сауықтыру лагеріне тарту бойынша тәрбие ісінің орынбасары Бердешова Ұлбосын Саменқызы қысқаша айтып өтті. Жазғы сауықтыру лагеріне оның ішінде "Күншуақ", қала сыртындағы лагерьге және "Балдәурен" сауықтыру лагеріне тұлдыр жетім, жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы отбасының балалары тартылды.

3. Құқықбұзушылықтың алдын алу, жазғы каникул уақытындағы оқушылардың қауіпсіздігі бойынша жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, әрбір класс жетекші өз кластарының оқушыларына және ата-аналарына жеке-жеке де жиналыс өткізіп, жазғы каникул мезгіліндегі қауіпсіздік туралы және құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша кеңірек тоқталып, танысқандығы туралы қолхат алынатын болады. Сонымен қатар қауіпсіздікпен танысқандығы жөнінде жылдағыдай қол қойдырып алынады.

4. Жазғы мектеп бойынша ата-аналардың өтініші бойынша бұйрықпен 42 бала қабылданды. Мұғалімдер қысқа мерзімді жоспарларын жасап, қызықты сабақ түрлерін өткізетін болады. Сонымен қатар оқушыларға түрлі көңіл-күй сыйлау мақсатында ауыл кітапханаларын, мұражайларға саяхат жасау, түрлі ойындар ойнату жоспарланып отыр. психологтар мен тәлімгерлер қосымша жұмыс атқаратын болады.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөйлеушілер:

Тәжіғалиев Нұрбол Уәлиұлы - қамқоршылық кеңес мүшесі.










Оқу жылы ішіндегі қамқоршылық кеңес жұмысын қанағаттанарлық деп бағалаймын. Алдағы оқу жылында да жоспар бойынша ұйымшылдықпен көптеген жұмыстар атқарамыз деп ойлаймын.

Тубекова Шынарғүл Нұрлыбаевна - қамқоршылық кеңес мүшесі.

Жазғы сауықтыру лагері бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайы ескерілгені өте орынды деп ойлаймын. Бала біздің болашағымыз. Олардың жаз айындағы жауапкершілігі ата-аналарында болмақ. Сонда да класс жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болу керек деп ойлаймын.

Қамқоршылық кеңесінде айтылған ұсыныс-пікірлерді тындай келе қаулы етеді.

1. Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың жазғы демалыстарын ұйымдастыру талапқа сай жүргізілсін.
3. Оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздігі мен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ата-аналармен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата-аналардан қол хат алынсын.
4. Жазғы мектеп бойынша іс-шаралар өз мәнінде өткізілсін.

Кеңес төрайымы:		Г.Б.Мырзалина
Кеңес мүшелері:		Н.А.Жұбаналина
		Ж.Д.Өтешова
		Г.С.Дүсипова
		Г.А.Асанова
		И.Н.Нұрмағанбетов
		Н.У.Тәжіғалиев
		Ш.Н.Тубекова
		З.П.Тлеумағанбетова

Хаттама №3

"Қ.Жазықов атындағы орта мектебі" КММ-де қыркүйектің 7-і күні сағат 15⁰⁰-де қамқоршылық кеңес жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиіс - 9

Қатысқаны - 9

Қатыспағаны - 0

Күн тәртібінде:

1. Білім алушылардың ішкі тәртіп ережесінің сақталуы.
2. Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы.
3. Білім беру ұйымы басшысының есебі.

Тыңдалды.

Г.Б.Мырзалина – кеңес төрайымы

Білім ордасының ішкі тәртіп ережелері мектеп директорының бұйрығымен бекітілсін. Барлық класс жетекшілер класс жиналысын жасап, жаңа оқу жылына сәттілік тілеп, мектеп оқушыларына ішкі тәртіп ережесін таныстырсын. Әр дүйсенбі сайын мектеп басшылары мен класс жетекшілер, кезекшілер мектеп формасының сақталуын сабақтан кешікпеу, сабақтан себепсіз қалмау, жалпы ішкі тәртіп ережесінде не қамтылған барлығын қадағалап отырады. Сонымен қатар білім беру ұйымында діни екенін ерекшелеп көрсетіп тұратын киім киюге тыйым салынатындығы, білім беру ұйымына алып келуге тыйым салынған заттарды суық қару, телефон, электр құрылғылар т.с.с және қадалғыш және кескіш заттар қолдануға тыйым салынатындығы жөнінде баса айтылды.

Н.А.Жұбаналина – кеңес мүшесі.

Мектепте білім алушылар қосымша біліммен қамтылған. Мектебімізде «Толағай» спорт үйірмесі, «Әсем ән-хор» үйірмесі, еркін күрес үйірмесі мен қатар басқа да ақысыз үйірмелер жұмыс жасайды. Сонымен қатар оқушылардың бос уақытын тейімді пайдалану үшін спорт залда волейбол, футбол ойнатылады. 9-11 класс оқушыларын емтиханға, ҰБТ–ге дайындау үшін қосымша сабақтарға белгіленген кесте бойынша шақырылып, дайындық жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады. Оқушыларымыз еркін күрестен аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып отырады. Көңіліміз толып марқайып отырамыз.

Мектеп директоры Ф.К.Казиева.

Мектеп оқушыларының қауіпсіздігі бірінші кезекте тұрады. Әлі де карантиндік режимде болғандықтан оқушылардың гигиеналық талаптарды сақтауы бірінші орында тұруы тиіс. Мектеп оқушыларының білімі тәртібі жақсы. Оқушылар түрлі білім сайыстарына, спорттық шараларға қатысып, мектеп мәртебесін көтеріп келеді. Ауылымыз тыныш оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін түрлі үйірме секциялар жұмыс жасайды. Кезекшілік үнемі ұйымдастырылып рейд жұмыстары жүргізіліп отырады. Мектебімізде кезекшілік үнемі ұйымдастырылып тұрады. Рейд жүргізіліп отырады.

Мектеп оқушылары көшеде жүру тәртібін біледі. Биылғы оқу жылына сәттілік шығармашылық табыстарға толы жыл болсын дегім келеді.

Сөйлеушілер:

Ж.Д.Өтешова – кеңес мүшесі.

Өткен оқу жылы мектебіміз үшін табысты жыл болды. Мектеп оқушылары аудандық, облыстық, республикалық байқаулардан түрлі олимпиадалардан жүлделі орындарға ие болып мектеп мәртебесін асқартып отырды. Алдағы уақытта білім алып жатқан шәкірттеріміз мектеп абыройын асқартата берсін. Қ.Жазықов атындағы орта мектебінің барша ұстаздарына алғыс айтып, шығармашылық табыстар тілеймін.

Қаулы:

- 1.Білім алушылардың ішкі тәртіп ережесі таныстырылып қадағалансын
- 2.Қосымша білім беру ұйымдары жұмыстары жандандырылсын
- 3.Мектеп директорының есебі еске алынсын.

Кеңес төрайымы:

Кеңес мүшелері:

М.Б.Мырзалина Г.Б.Мырзалина
Н.А.Жұбаналина Н.А.Жұбаналина
Ж.Д.Өтешова Ж.Д.Өтешова
Г.С.Дүсіпова Г.С.Дүсіпова
Г.А.Асанова Г.А.Асанова
И.Н.Нұрмағанбетов И.Н.Нұрмағанбетов
Н.У.Тәжіғалиев Н.У.Тәжіғалиев
Ш.Н.Тубекова Ш.Н.Тубекова
З.П.Глеумағанбетова З.П.Глеумағанбетова

Хаттама №4

"Қ.Жазықов атындағы орта мектебі" КММ-де желтоқсанның - 10ы күні сағат 15⁰⁰-де қамқоршылық кеңес жиналысы болып өтті.

Қатысуға тиіс - 9

Қатысқаны - 9

Қатыспағаны - 0

Күн тәртібінде:

1. Оқушыларға берілетін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы.

Әлеуметтік педагог: Мырзаханова Г.Б

2. Білім беру ұйымында оқушылардың оқулықпен қамтылуына бақылау жүргізу.

Кітапханашы: Сәрсен Г.А

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог – Мырзаханова Гулжан Бауыржановнаның хабарламасы тыңдалды.

Биылғы оқу жылында мектебімізде тегін ыстық тамаққа әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған, толық емес отбасы, көп балалы отбасының балаларын анықтау үшін №35 бұйрығымен І қыркүйек 2021 жылы брокиражды комиссия мүшелері құрылды. Комиссия құрамы: тәрбие ісінің орынбасары: Бердешова Ұ.С; әлеуметтік педагог-Мырзаханова Г.Б; мектеп психологы-Көптілеуова Ү.Б; ата-аналар комитетінің төрайымы-Тилеумағанбетова З; шаруашылық меңгерушісі-Ешімов Е; мектеп медбикесі-Калиева Г.

Мектебімізде 177 оқушы білім алады. Оның ері-88, қызы-89; Жалпы мектебіміз бойынша әлеуметтік дәрежесіне байланысты І тұлдыр жетім оқушы, 35 әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған оқушы, толық емес отбасынан 9 оқушы, 10 жартылай жетім оқушы, көп балалы отбасынан 57 оқушы анықталды. Комиссия мүшелерінің шешімімен әрбір отбасының жағдайы ескеріліп, І оқу тоқсанында 35 оқушы ыстық тамаққа тартылды. І-4 класс бойынша 13 оқушы, 5-11 класс бойынша 22 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. ІІ оқу тоқсанында ата-анасының өтініші бойынша Дәулетова Ұлжанның денсаулық жағдайына байланысты үй ішіндегі келесі баламен ауыстырылды. Сандық мәлімет І-4 класс бойынша 12 оқушы, 5-11 класс бойынша 23 оқушы болып өзгерді. Жалпы 35 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кітапханашы – Сәрсен Гүлмира Ағыбайқызының хабарламасы тыңдалды.

Биылғы оқу жылында мектеп кітапханасының қорына аудандық білім бөлімінен МАД тобына 1,2,3,6,7,8,9,10 сыныптарға «Алматы кітап», «Атамұра», «Келешек» т.б. баспалардан шыққан 188 дана оқулық 2446392 теңге көлемінде келіп түсті. Сонымен қатар 168 түрлі көркем әдебиетпен кітапхана қоры толықты. Оның ішінде энциклопедиялар, повестер, әңгімелер, шығармалар, өлең-жырлар, тарихи кітаптар, батырар жыры, балалар әдебиеті, Абай атамыздың қара сөздері т.б кітаптар 335 дана кітап 249284 теңге көлемінде келді. Келіп түскен барлық оқулық және көркем әдебиеттерге мүліктік номер беріліп, мектеп штампасы соғылды. Мүліктік кітапқа тіркеліп, жиынтық есепке алынды. Оқулықтар оқу жылының басында бірінші кезекте көп балалы отбасының және әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына толық берілді. Жалпы алғанда биыл І-11 сыныптар аралығында оқулықтар жетіспеушілігі бұрынғы жылдармен салыстырғанда едәуір аз көлемде. Оқулықтар тазалығы, қапталуы, жоғалып кетпеуі оқушыларға, сынып жетекшілерге ескертілді.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөйлеушілер:

Мырзалина Гүлнара- қамқоршылық кеңес төрайымы

Мектебіміздегі әлеуметтік педагог Мырзаханова Гүлжан әлеуметтік жағдайы бойынша брокеражды комиссиямен ыстық тамақ ішетін оқушыларды анықтап, қазіргі таңда оқушылар ыстық тамақ ішіп жатыр. Ыстық тамақ санитарлық талаптарға сай беріледі. Сонымен қатар 1-класс оқушысы Дәулетова Ұлжан денсаулық жағдайына байланысты қазіргі таңда үй ішіндегі басқа баламен ауыстырылған, өте орынды, себебі бұл отбасы көп балалы отбасына жатады.

Асанова Гүлшат – қамқоршылық кеңес мүшесі.

Екінші мәселе бойынша мектеп кітапханашысы Сәрсен Гүлмираның хабарламасын тыңдадық. Оқушыларды кітаппен қамтамасыз еткенде олардың әлеуметтік жағдайы ескерілген. Өте орынды.

Қамқоршылық кеңесінде айтылған ұсыныс-пікірлерді тыңдай келе қаулы етеді.

1. Мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына үнемі қолдау көрсетілсін.
2. Кітапханашы Сәрсен Гүлмираның хабарламасы еске алынсын.

Кеңес төрайымы:

Кеңес мүшелері:

Г.Б.Мырзалина Г.Б.Мырзалина
Н.А.Жұбаналина Н.А.Жұбаналина
Ж.Д.Өтешова Ж.Д.Өтешова
Г.С.Дүсипова Г.С.Дүсипова
Г.А.Асанова Г.А.Асанова
И.Н.Нұрмағанбетов И.Н.Нұрмағанбетов
Н.У.Тәжіғалиев Н.У.Тәжіғалиев
Ш.Н.Тубекова Ш.Н.Тубекова
З.П.Тлеумағанбетова З.П.Тлеумағанбетова